FТАХР 06.75.39
ӘОЖ 336.62
JEL E63

https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-1-115-128

**О.А. АЛИПБЕКИ,**[1]
б.ғ.д., профессор.
e-mail: oalipbeki@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-6205-0490
**Д. ЖЕНСХАН,***[2]
э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.
*e-mail: azan_tanat@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-2863-2611
**А.Ж. НУКЕШЕВА,**[2]
э.ғ.к., профессор.
e-mail: annukesheva@mail.ru
ORCID ID:0000-0003-3772-3213
**Б.У. АСИЛОВ,**[2]
э.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
e-mail: Asilov-67@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-1286-3220
[1]әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан
[2]С. Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ., Қазақстан

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВТЕРІН СУБСИДИЯЛАУ ТЕТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

**Аңдатпа**

Қазақстанның ауыл шаруашылығы кооперативтерін (АШК) субсидиялау тетіктерінің нәтижелі көрсеткіштерін бағалау бағытында әзірленген зерттеулер аз. Зерттеудің мақсаты: ауыл шаруашылығын субсидиялау тетіктерінің ағымдағы жай-күйін және олардың Қазақстандағы АШК-нің нәтижелі көрсеткіштеріне әсерін бағалау. АШК-ін субсидиялау тетіктерін бағалау мақсатында эмпирикалық, гипотезалық, ғылыми абстракциялық, динамикалық талдау, синтездеу, салыстырмалы талдау, жүйелік көзқарас, монографиялық әдістер қолданылды. Мақалада АШК-нің субсидиялаудың тиімді тетіктерін қолдану арқылы жоғары нәтижелерге қол жеткізген елдердің тәжірибесі көрсетілді және еліміздегі, оның ішінде Жамбыл облысындағы АШК-ін субсидиялау тетіктерінің ағымдағы жағдайы бағаланды. 2018–2022 жж. аралығындағы АШК-нің нәтижелі көрсеткіштеріне субсидиялаудың әсері бағаланды. Мақала Қазақстан әлем елдерінің тәжірибесін ескере отырып, АШ саласын субсидиялау тетіктерін жетілдіруде деп қорытындыланды. АШК-нің саны артып, өндіріс көлемі ұлғайды. Дегенмен ондағы жұмысшылар саны жылдан-жылға азайып отыр. Сол себепті, ауылдық аумақтардағы мәселелерді түбегейлі шешу үшін дамыған елдердің тәжірибесін ескерген жөн. Біздің зерттеуімізде АШК-ін қаржылай қолдау мен субсидиялау тетіктерін ары қарай нығайту үшін АҚШ-тың сақтандыру мен кепілдендіру тәсілдерін қолданудың маңызы ғылыми тұрғыда негізделді. Себебі мықты сақтандыру нарығы жеке фермерлерге дағдарыстың қиын кезеңдерін бастан өткеруге және агроөнеркәсіптік кешенді одан әрі дамыту үшін алғышарттар жасауға мүмкіндік береді.

**Тірек сөздер:** субсидиялау, ауыл шаруашылығы кооперативтері, сақтандыру, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, шаруашылық нысандары, елдердің тәжірибесі, көрсеткіштері.

## Кіріспе

Әлем бойынша аграрлық сала экономикалық өсудің негізгі катализаторларларының бірі және жаһандық аштық пен кедейліктен құтқарудың негізгі драйвері. Әсіресе, аграрлық сектор мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін сақтауда, өнеркәсіпті шикізатпен, ауыл тұрғындарын

тұрақты табыспен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты әлем елдері ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған шараларды ұдайы жетілдіреді және дамушы елдер үшін ауыл шаруашылығы кооперативтерін (АШК) құру мен дамытудың маңыздылығын ғылыми негіздейді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) 2023–2032 жж. арналған ауыл шаруашылығы болжамында ауыл шаруашылығы кооперативтерін ауыл тұрғындарының табысын арттырудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырды [1]. Ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту арқылы ауыл тұрғындардың, жалпы ауылдық аумақтарды дамытуда бірқатар мемлекеттер: Канада, Қытай, АҚШ, Корея, Үндістан және т.б. сияқты дамыған және дамушы елдер сәтті нәтижелерге қол жеткізді [2].

Осыған орай бірқатар елдер ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік реттеудің нысаналы қаржы доминаттарының бірі ретінде – АШК-ні субсидиялау құралын қолданады. Шаруашылықтың бұл нысанын субсидиялау Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемдегі мемлекеттік органдардың ауыл шаруашылығы дамуын қолдау мен қорғаудың ең тиімді стратегиялары ретінде қарастырылады [3, 4]. Бірақ бұл құралдың экономикалық тиімділігі әр мемлекетте әртүрлі бағаланады. Атап айтқанда, Қытайда өсімдік шаруашылығы бағытындағы кооперативтерді субсидиялауды механикаландыру нәтижелері бағаланады: фермерлік кооперативтердегі егіс алқаптарының жалпы көлеміндегі өзгерістер нәтижелері бойынша, сондай-ақ жалпы астық өндірісінің жағдайы және жалпы кірістер бойынша [5].

Сонымен қатар қытайлық ғалымдар мамандандырылған фермерлер кооперативтері (farmer specialized cooperatives-FSCs) мен фермерлік үй шаруашылықтары арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде субсидияның FSCs үшін тиімді екенін анықтады. FSCs ауылшаруашылық кірістерін арттырды және фермалардың ауылшаруашылық техникасын пайдалануға тікелей субсидия алу мүмкіндіктерін көрсетті [6].

Оңтүстік Африкада ауылшаруашылық кооперативтерін субсидиялау нәтижесі көбінесе кедей топтардың ауыл шаруашылығында жасыл технологияны қолдану деңгейіне және шағын жер иелері мен ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер арасындағы байланыстарға қатысты бағаланды. Сонымен қатар бұл механизм ауылдық жерлерде тұрақтылықты сақтау үшін ұзақ уақыт қолданылуы керек. Осылайша шет елдердің ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау мен субсидиялаудағы тәжірибесі Қазақстан үшін маңызды. Қазақстанда ауыл кооперативтерін субсидиялау тетігін ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынады [7].

Қазақстанда экологиялық жағдайды жақсартуға және қоршаған ортаны сақтауға бағытталған қуатты жем-шөп базасын құру үшін алғышарттар бар. Ол ресурс үнемдеуші және органикалық технологияларға көшуге, сондай-ақ мал шаруашылығын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ауылшаруашылық секторын басқару модельдерін жетілдірудің кілті. Сондай-ақ аграрлық ғылымды тұрақты қаржыландыру негізінде АӨК-ті қолдаудың мемлекеттік шараларын жақсарту қажет.

Көптеген елдер АШӨ сақтау, бағаны тұрақтандыру, кедейлікті азайту, экономикалық өсуді ынталандыру, өнімділік пен табыстылықты арттыру, АӨК-ні мемлекеттік қолдау арқылы экспорттық әлеуетті арттыру сияқты маңызды мақсаттарға қол жеткізді [8]. Мемлекеттік қолдауға бюджеттік несиелеу, жеңілдетілген несиелеу, субсидиялар, тәуекел кепілдіктері, әлеуметтік көмек, гуманитарлық көмек және фермерлік гранттар, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы тәуекел кепілдіктері кіреді. Осыған байланысты елдің кеңістіктік ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан үшін шет елдердің ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың табысты әдістерін бейімдеу қажет. Ауыл шаруашылығы саласын тұрақты дамыту үшін АӨК дамытудың қаржылық және қаржылық емес тетіктерін нығайту қажет. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мемлекеттік қолдау алудағы еңбегін жеңілдететін цифрлық технологияларды дамыту аса маңызды болып табылады. Салада мемлекеттік қолдау кеңістіктік-уақыттық деректерге қатаң негізделуі тиіс. ЖІӨ сыртқы және ішкі статистикалық мәліметтермен оңай интеграцияланады және АШТӨ-ні мемлекеттік қолдаудың тиімділігін тез бағалауға мүмкіндік береді.

АӨК-нің жоғары тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алады. Қазақстан өзінің аграрлық секторын белсенді түрде реформалауда. Атап айтқанда, ол ауыл шаруашылығы өнімдерін кейбір түрлері бойынша экспорттаудан бас тартады және азық-түлік өнім-

дерінің әлеуметтік маңызы бар өндірісіне бағаларға назар аударады, шағын фермерлердің кооперациясына ықпал етеді, АШТӨ кірістерін арттырады және көтерме- тарату орталықтарын (КТО) салу мақсатында Азық-түлік қорларын құрады – бұл реформалар кезеңіндегі ауыл шаруашылығы саясатының негізгі бағыттары. Жалпы, Қазақстанның ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау үрдістері жалпы әлем елдерінде болып жатқан өзгерістерге сәйкес келеді. Қазіргі уақытта Қазақстан қолданыстағы агроазық-түлік саясатын халықаралық талаптар мен стандарттарға біртіндеп бейімдеуде. Қазақстанның агроазық-түлік кешенін құрылымдық қайта құру импортты отандық өніммен алмастыруға ықпал етуі тиіс. Импортты алмастыру саясатын іске асырудағы маңызды бағыт Қазақстан өңірлерінің бәсекелестік артықшылықтарын капиталдандыру болып табылады.

Қазақстанның АШ-ты сақтандыру нарығының табысты жұмыс істеп тұрған моделіне және агробизнесті реттеу тетіктерін одан әрі нығайту мен жетілдіруді қамтамасыз ету әдістеріне негізделуге тиіс. Күшті сақтандыру нарығы жеке фермерлерге дағдарыстың қиын кезеңдерін еңсеруге және АӨК-ті одан әрі дамыту үшін алғышарттар жасауға мүмкіндік береді.

## Материалдар мен әдістер

АӨК-ні мемлекеттік қолдау басым жағдайда бюджеттік кредиттеу және субсидиялау арқылы жүзеге асатыны белгілі. Бюджеттік кредиттеу – мамандандырылған ұйымдардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға мүмкіндік берсе; субсидиялау – кәсіпорынның экономикалық тиімділігін және өндірілетін өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады [9]. Ауылшаруашылық субсидиялары осы сектордың алдында тұрған бірегей қиындықтарды шешуде және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады [10].

АШК-ні субсидиялау тетіктерін бағалау бойынша жүргізілген зерттеудің теориялық, әдіснамалық және ақпараттық базасын осы бағытта тереңірек зерттеу жүргізген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері, Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ), сонымен қатар, азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (ФАО) ауылдық дамуды қайта қарау туралы дүниежүзілік әлеуметтік есебі; Қазақстанның Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Ұлттық статистика бюросы сайтының деректері; Қазақстанның ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайтынан алынған мәліметтер және АШК-ні қаржыландырушы қаржы ұйымдарының ресми сайтынан алынған жылдық есептерінің деректері құрайды. Әлемдік және Қазақстандағы АШК-ні субсидиялау тетіктерін бағалаудың теориялық заңдылықтары мен принциптерін ғылыми негіздеу кезінде авторлар эмпирикалық, гипотезалық және ғылыми абстракциялық әдістер қолданылды. Аграрлық секторды субсидиялау мен қаржыландыру жағдайын талдау мен ағымдағы проблемаларды анықтау барысында динамикалық талдау, синтездеу, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. АШК-ні субсидиялау тетіктерін бағалау кезінде дамыған мемлекеттердің (АҚШ, Қытай) және Оңтүстік Африканың АШК-ні субсидиялау жүйесіне салыстырмалы талдау жасалып, бұл бағытта жүргізілген зерттеулерге жүйелі шолу әдісі қолданылды. Зерттеу нәтижесінің қортынды бөлімінде жүйелік көзқарас, монографиялық, абстрактылы-логикалық әдіс қолданылды.

Бұл зерттеудің әдістемелік негізі дамыған және дамушы АШК-ні субсидиялау тетіктерін негізге ала отырып, Қазақстанның бұл бағыттағы жүргізіліп отырған шараларының нәтижесін бағалау және субсидиялау тетіктерін нығайту. Мақалада еліміздегі АШК-ні субсидиялау механизімінің ағымдағы жағдайы және оның нәтижелі көрсеткіштері бағаланды, субсидиялаудағы кемшіліктер көрсетілді. Осыған сәйкес, зерттеуде дамыған және дамушы елдердің АШК-ні субсидиялау тетіктері зерделеніп, еліміздегі субсидиялау тетіктерін нығайтудың мүмкін жолдары ғылыми негізделді.

## Негізгі ережелер

Ауыл шаруашылығы кооперативтерін (АШК) дамыту есебінен ауылдық аймақтардағы тұрғындарының табысын арттыру және тұрмыс сапасын жақсарту Қазақстанның стратегиялық

құжаттарымен бекітілді. Дегенмен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ағымдағы даму жағдайы оның қаржылық мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін көрсетеіп отыр. Сонымен қатар, АШК-нің даму жағдайы мен оны қаржыландыру бағыттары, субсидиялау көлемі мен оның динамикасы, ұйымдастырушылық-басқарушылық әдістемесі бойынша жасалған кешенді талдау жұмыстары, кооперативтерді орнықты дамтыуға мүмкіндік беретін модельдер және ауыл тұрғындарының кооперативтерге бірігуге уәждемесі мен белсенділігін арттыру тетіктері көрсетілген ғылыми негізділікпен жазылған ұсынымдар аз. Мұндай зерттеулердің аз болуы мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі, ауылдық аумақтарды дамыту, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын және табысын арттыру, өңірлерді дамыту, демографиялық өсу, ішкі көші-қонды реттеу жөніндегі стратегиялық мақсаттардың орындалуын баяулатады. Аталған проблемаларды шешу және дамыған елдердің АШК дамыту тәжірибесі экономиканың аграрлық секторын мемлекеттік реттеудің жоғары тиімді тетіктері ғана агроөнеркәсіптік кешеннің жоғары тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алатынын дәлелдейді. Келтірілген эмпирикалық талдаулар аграрлық саясатты іске асыруда субсидиялау тетігінің біржақты мазмұны бар екенін көрсетті.

Әлемдік агрессиялардың әсерінен туындаған азық-түлік бағасының тұрақсыздығы-Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының өндірісін бірте-бірте ынталандыруды және оған ұжымдық күш-жігер арқылы жеңуге бағытталған нақты механизімдерді ұстану қажеттілігін көрсетеді. Осы жағдайларға байланысты аграрлық секторды қаржылық қолдау, субсидиялау тетіктерін бағалау мен оны нығайту шараларын ұсыну маңызды.

**Әдебиетке шолу**

Кез-келген мемлекеттің орнықты дамуын мен әлеуметтік-экономикалық жағдайын арттыруды, сондай-ақ, халықтың әл-ауқатын және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді аграрлық секторсыз елестету мүмкін емес. ФАО мәліметтері бойынша, 2022 жылдың соңында азық-түлік тапшылығынан зардап шегетін адамдардың саны күрт артып (349 млн-ге дейін, олардың жартысына жуығы 18 жасқа толмаған), бұрын-соңды болмаған гуманитарлық қажеттіліктер пайда болған. Оның себебі әлем соңғы онжылдықтардағы қақтығыстар, ауа-райының күрт өзгеруі, 2019 жылғы пандемиясының (COVID-19) макроэкономикалық салдары және Украинадағы қақтығыстардан туындаған ең ауыр азық-түлік дағдарысы. Соның салдарынан әлем бойынша жеткізу тізбегі бұзылды [11]. Сондықтан әлемнің барлық елдерінде АӨК саласына мемлекет тарапынан қоддау көрсетіп, бұл саланы дамытуға үнемі басымдық береді және субсидиялау тетіктерін, ынталандыру шараларын үнемі жетілдіреді.

ЭЫДҰ-ның елу төрт елі және басқа да экономикасы дамып келе жатқан 12 ел жыл сайын өздерінің ауылшаруашылық секторын қолдау үшін 700 миллиард доллардан астам қаражат бөледі. ЭЫДҰ жинаған мәліметтерге сәйкес Норвегия (57,6%), Исландия (54,6%) және Швейцария (47,4%) сияқты шағын елдер фермерлік шаруашылықтардың жалпы шығыстары бойынша ең ірі субсидиялаушылары қатарына жатады. Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Индонезия және ЕО елдері өздерінің ауылшаруашылық өндірушілеріне фермерлік шаруашылықтардың жалпы кірісінің 12%-дан асатын деңгейде қолдау көрсетеді. АҚШ, Канада және Мексика елдері бұл көрсеткіштен төмен [12].

Елімізде ауыл шаруашылығы саласын және АШК-ін субсидиялау аясындағы ағымдағы жағдай туралы зерттелімдер көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде зерттеледі. Атап айтқанда: B. Zou, A.K. Mishra, B. Luo, N. Akber, K.R. Paltasingh, A.K. Mishra, C. Li, Z. Sha, X. Sun, Y. Jiao, J. Zhang, J. Wu, J. Simpson, C. Arthur шетелдік авторлармен қатар, К.М. Жумаксанова, Р.Г. Есенжигитова, Р.Ж. Дүйсенова, Б. Утибаев, Р. Жунусова, М. Смагулов, Т. Рахимбеков, Г.У. Акимбекова, В.Н. Кожевников отандық зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен зерттелген. Біздің зерттеуімізде АШК-ін субсидиялаудың тиімді тетіктерін қолдану арқылы нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізілген мемлекеттердің тәжірибесі ескеріледі. Сонымен қатар, мемлекеттің АШК-ні субсидиялауы бойынша ағымдағы жағдай бағаланды.

Ауыл шаруашылығының табиғи-климаттық жағдайларға, табиғи апаттар мен бақыланбайтын оқиғаларға жиі ұшырайтын тәуекелі өте жоғары сала екенін ескерсек [13], бұл саланың тұрақты дамуын мемлекеттік қолдау мен ынталану шараларынсыз елестеу мүмкін

емес. Сондықтан, аграрлық секторды тұрақты әрі қарқынды даму мақсатында үнемі көптеген елдер мемлекеттік қолдау мен реттеу тетіктерін қажет етеді. Атап айтқанда, АҚШ-та ауыл шаруашылығы ел экономикасының дамуында маңызды рөл атқарады. Бұл елде 2014 жылдан бастап, ауыл шаруашылығын тікелей бюджеттік қолдау құралы «тәуекелдерді сақтандыру» құралымен алмастырылды. АҚШ фермерлерді бағаның төмендеуінен сақтандыру (PLC) және ауылшаруашылық тәуекелдерін сақтандыру (ARC) секілді екі негізгі қолдау схемаларының бірін таңдай алады [14]. Бірінші бағдарлама фермерлерді бағаның төмендеуінен (PLC) сақтандыруға негізделген, егер егін бағасы белгіленген деңгейден төмен түссе, өтемақы төленеді. Екінші бағдарлама ауылшаруашылық тәуекелдерін сақтандырумен (ARC) байланысты; ол өнім бағасы мемлекет бойынша орташа деңгейден төмен болған жағдайда фермерлерге төлемдер ұсынумен (аралық өтем ақы) ерекшеленеді [15].

Испанияда ауылшаруашығы тауар өндірушілерін климаттық және нарықтық тұрақсыздық жағдайындағы тәуекелдерден сақтандыру механизмі арқылы қолдау көрсетіледі [16]. Австралияның ауыл шаруашылық саясатының басымдықтарының бірі-нарықтардағы тұрақсыздық пен қолайсыз ауа-райы жағдайында тиімді фермерлердің кірістерін қорғау. Австралия Үкіметінің қаржылық қолдауы фермерлерге, әдетте, табиғи немесе техногендік факторлардан туындаған шығындарды өтеу үшін негізінен ұзақ құрғақшылық кезеңдерінің сақталуында, су тасқыны, өрт немесе басқа да табиғи апаттарда беріледі [17].

## Нәтижелер мен талқылау

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржылай қолдаудың шетелдік тәжірибелері АШК-ін дамытудың танымал үлгілерін сипаттауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда АШТӨ-ін қолдаудың тиімді үлгілері орыс ғалымдарымен де жан-жақты зерттелген (1-кесте)

Кесте 1 – Агробизнесті қолдау модельдерінің сипаттамалары

| Үлгі | Сипаттамалары |
|---|---|
| Тиімді сақтандыруды қамтамасыз ету | Аграрлық секторда сақтандыру төлемдерін және күшті сақтандыру нарығын пайдалану тәжірибесі АҚШ-та бар, мұны агробизнесті сапалы қолдау дәлелдейді |
| Энергияны үнемдеу және баламалы энергия | АӨК-де инновациялық технологияларды қолдану егіс алқаптарының өнімділігін арттыруға бағытталған үлгі болып табылады |
| Жеке ауыл шаруашылығы секторы және мемлекеттік қолдау | Бұл тәжірибе жеке кәсіпкерлікті пайдалануды кеңейтуді және қаржыландыру мен инвестиция арқылы мемлекет тарапынан қолдау көрсетуді көздейді |
| Салық салудың икемді жүйесі | Бұл модель Австралияда қолданылады, бұл елдің бидай нарығындағы жетекші орнын қамтамасыз етеді |
| Субсидиялар арқылы агробизнесті қолдау үлгісі | Агробизнестің сапалы өсуін қамтамасыз ету үшін заңнамалық базаны құруға мүмкіндік беретін Германияда жұмыс істейді |
| Сауда ынтымақтастығы моделі | Көлік және көлік мәселелері азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады |
| Агробизнестегі Индустрия 4.0 | Жасанды интеллект пен арнайы технологияларды қолдану қазіргі агробизнестің принципі болып табылады |
| Ескертпе: [18] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған. | |

Дамыған елдердің тәжірибесі экономиканың аграрлық секторын мемлекеттік реттеудің жоғары тиімді тетіктері ғана агроөнеркәсіптік кешеннің жоғары тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алатынын дәлелдейді. Келтірілген эмпирикалық талдаулар көрсеткендей, қарастырылып отырған елдерде аграрлық саясатты іске асыру тетігінің біржақты мазмұны бар. Әлемдік агрессиялардың әсерінен туындаған азық-түлік бағасының тұрақсыздығы Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының өндірісін бірте-бірте ынталандыруды және оған ұжымдық күш-жігер арқылы жеңуге бағытталған нақты механизімдерді ұстану қажеттілігін көрсетеді. Осы жағдайларда аграрлық секторды қолдауды кеңейту тәжірибесі макро-

экономикалық климатты тұрақтандыру және азық-түлік дағдарысының қаупіне қарсы тұру факторы болып табылады.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің жағдайына келетін болсақ, мемлекет аграрлық секторды реформалаудың белсенді саясатын жүргізуде. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы өнімдерінің кейбір түрі бойынша экспортынан бас тарту және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өндірісінің бағасына баса назар аудару, шаруашылықтың шашыраңқы ұсақ фермерлерді ірілендіру (кооперацroutы түрінде), ауыл шаруашылығының тауар өндірушілерінің табысын артыру және азық-түлік қорын қалыптастыру мақсанында КОТ салу – реформалар кезеңіндегі ауыл шаруашылығы саясатының негізгі бағыттары болып табылады

Жалпы алғанда Қазақстанның ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау тенденциялары жалпы әлем елдерінде болып жатқан өзгерістерге сәйкес келеді. Қазіргі таңда Қазақстан қазіргі агроазық-түлік саясатын біртіндеп халықаралық талаптар мен стандарттарға бейімдеуде. Нәтижесінде Қазақстанның агроазық-түлік кешенінің құрылымдық қайта құулары импортты отандық өнімдермен алмастыруға ықпал етуі тиіс. Импортты алмастыру саясатын іске асырудағы маңызды бағыт агроазық-түлік қызметінің жоғары үлесі бар Қазақстан өңірлерінің бәсекелестік артықшылықтарын капиталдандыру, оларды өсу факторына айналдыра білу.

Қазақстан агробизнесті ары қарай нығайту мен реттеу теітктерін жетілдіру үшін АҚШ-ның табысты жұмыс істейтін сақтандыру нарығы моделі мен кепілдендіру тәсілдеріне негізделуі керек, өйткені күшті сақтандыру нарығы жеке фермерлерге дағдарыстың қиын кезеңдерінен аман өтуге және агроөнеркәсіптік кешенді одан әрі дамыту үшін алғышарттар жасауға мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибені шолу Қазақстанда экологиялық жағдайды жақсартуға және қоршаған ортаны сақтауға бағытталған, ресурс үнемдейтін және органикалық технологияларға көшуге, мал шаруашылығын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мықты жемшөп базасын құруға алғышарттары бар екенін көрсетеді.Осылайша, басқару шешімдері ауылшаруашылық секторының үлгілерін жетілдірудің кілті болып табылады және АӨК-ті мемлекеттік қолдау шараларының тұрақтылығы және аграрлық ғылымды қаржыландыруды арттыру жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

Қазақстанның аграрлық секторын мемлекеттік реттеу және қолдау жүйесі бірқатар нақты тетіктермен жүзеге асырылады. Бұл жүйе іс жүзінде баға, салық, кредиттік-қаржылық реттеу тетіктері арқылы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған, мақсатты бағдарламалардың орындалуына негізделген және тікелей бюджеттік қолдаумен жүзеге асырылады.

Қазақстан АШК-ін субсидиялау тетіктерін біртіндеп жетілдіруде. Дегенмен, АШК дамыту мақсатында әзірленген пилоттық жобаның басталуына дейінгі және одан кейінгі жылдар (2018–2022 жж.) аралығындағы деректерді негізге алатын болсақ, АШК-нің негізгі көрсеткіштерінде бірқалыпты тұрақты өсім сақталмаған (2-кесте) [19].

Кесте 2 – Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің негізгі экономикалық көрсеткіштері

| Кооперативтердің негізгі экономикалық көрсеткіштері | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. | Ауытқу, % (2022/2018) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтері мен олардың мүшелерінің саны, бірлік | 2 858 | 2 840 | 2 919 | 3 147 | 3 284 | 114,9 |
| 2. Ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметкерлері саны, адам | 8 513 | 7 591 | 7 692 | 7 529 | 7 377 | 86,7 |
| 3. Ауыл шаруашылығы кооперативтері аясында өндірген өнімдер, тонна | 131 543 | 166 521 | 206 544 | 3 212 23,6 | 33 757 0,3 | 244,9 |
| 4. Ауыл шаруашылығы кооперативтері аясында көрсеткен қызметтер, мың теңге | 1 041 412 | 1 152 453 | 1 521 598 | 1 119 584 | 1 484 158 | 142,5 |
| Ескертпе: [19] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған. | | | | | | |

1-кестеден көріп отырғанымыздай 2022 ж. ауыл шаруашылығы кооперативтері аясында көрсеткен қызметтер көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 42,5% өсті, бірақ бұл көрсеткіш 2021 жылды 2020 жылмен салыстырғанда 26,4% аз. Сонымен қатар, жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны 2022 ж. 2018 жылмен салыстырғанда 14,9%-ға, ал ауыл шаруашылығы кооперативтерімен өндірілген өнім көлемі екі жарым есе өсті. Соған қарамастан ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметкерлерінің саны жылжан-жылға төмендеп, 2022 ж. 2018 жылмен салыстырғанда 13,3%-ға азайды. Яғни ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту арқылы қол жеткізілген экономикалық оң нәтижелер ауылдық аумақтардағы әлеуметтік мәселелерді (жұмыссыздықты, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырудағы) түбегейлі шеше алмай келеді. Нәтижесінде, 2023 жылдың басында жалпы халыққа есептегенде Республикадағы ауыл тұрғындарының үлесі 2018 жылмен салыстырғанда 4,2% азайып, жалпы халықтың 38,2% құрады [19]. Бұл жағайлар мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік, азық-түлік қауіпсіздігі, өңірлік даму, АӨК орнықты дамыту, ауыл тұрғындарының табысын арттыру, олардың тұрмыс сапасын жақсарту секілді стратегиялық мақсаттарды күрделендіруі мүмкін. Осы орайда еліміздегі ауыл тұрғындарының үлесін ескере отырып, ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуға потенциялды мүмкіндігі бар облыстарды облыстарды максималды және минималды жағдайды таңдау әдісі арқылы іріктеу, АШК дамытудың қаржылық тетіктерін нығайту, субсидия мөлшерін арттыру және оны тиімді басқару тетіктерін нығайту аса маңызды.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы Қазақстан халқына жолдауынада субсидия бөлу және оның жұмсалуына жүргізілетін бақылауды күшейту жөніндегі тапсырмаларға сәйкес, Қазақстандағы ауыл шаруашылығы саласындағы субсидия алушылардылары үшін барлық бизнес-процестер автоматтандырылды. Сонымен қатар, міндетті агросақтандырудан ерікті сақтандыруға көшу жүзеге асырылды. Нәтижесінде еліміздегі АШК-нің саны және олармен өндірілген көнім көлемі де біршама артты. Атап айтқанда, 2018 ж. жұмыс істеп тұрған АШК-нің саны 2022 жылмен салыстырғанда 15,9%-ға және 2021 жылмен салыстырғанда 4,4%-ға өсті. Осы жылдар ішінде АШК өндіретін өнім үш есеге жуық өсті [19]. Алайда АШК-дегі мұндай оң нәтижелер ауылдық аумақтардағы әлеуметтік проблемаларды (жұмыссыздық, ауыл халқының өмір сүру сапасын арттыру) түбегейлі шеше алмай келеді. Нақтырақ айтқанда, мал шаруашылығындағы тұраұсыздық, ауылдық аумақтардағы еңбек өнімділігінің төмендеуі, ауыл тұрғындарының қалаға қонынс аударуы, өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейінің жоғары көрсеткіші, тұрақты жұмыс орындарының аздығы, азық-түлік өнімдері бағасындағы тұрақсыздық секілді проблемаларды реттеу әлі де болса зерттеуді және оны шешудің тиімді механизімдерін қажет етеді. Бұл тенденсияларды ескере отырып, мемлекет қазіргі кезде ауыл шаруашылығын субсидиялардың екі түрін қалдыруды ұсынады.

Бірінші бағыт, өндірілген және жөнелтілген ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерді субсидиялау. Яғни қайта өңдеуші, экспорттаушы, импортты алмастырушы салалар бойынша өнім өндрушілерді субсидиялау [18]. Бұл ұсыныс ауыл шаруашылы саласында атқарылуы тиіс келесідей міндеттің болуымен байлынысты, олар:

- еңбек өнімділігін арттыру. АШТӨ табыстылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, сайып келгенде ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсату үшін қажет;
- ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты көлемін арттыру, себебі, халық санына шаққандағы отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің қолда бар әлеуетінің ішкі нарықтағы үлесінің төмен болуы;
- импортты алмастыру және ішкі нарықты толық өзін-өзі қамтамасыз ету.

Екінші бағыт ұсақ сүт өндірушілерді субсидиялау. Эксперттердің пікірінше қазіргі кезде жеке аулалардағы өндірілген сүттер стандарттарға сәйкес келмейді. Егер ауыл тұрғындары өздері өндіретін шикізатты қайта өңдеуге тапсыру мүмкіндігін жоғалтса, бұл елімізде әлеуметтік және экономикалық проблемаларды қалыптастыруы мүмкін. Статистикалық және сала мандарының ақпараттарын негізге алатын болсақ, оларды субсидияламаған жағдайда сүт беруден табыс тауып отырған ауыл тұрғындарының 70%-ы тұрақты табыс көзінен айырылады. Шикізат тапшылығына байланысты қайта өңдеу кәсіпорындарының жүктемесі 40%-ға дейін төмендейді,

нәтижесінде 2 мыңға жуық сүт зауыттарының қызметкерлері жұмысынан айырылады. Еліміздің ішкі нарығында қазақстандық өндірілген сүт өнімдерінің үлесі 40%-ға дейін төмендейді, ал сүт пен оны қайта өңдеу өнімдерінің бағасы екі еседен астам өседі. Осындай жағдайлардың алын алу үшін субсидияларды шаруа (фермер) қожалықтары (ШФҚ) жеке қосалқы шаруашылықтар (ЖҚШ) аясында құрылған АШК-нің жұмысын ынталандыруға бағыттаған дұрыс [20]. Қазіргі кезде бұл шара Республика бойынша Жамбыл облысында пилоттық жоба аясында қарқынды жүргізілуде. Нәтижесінде Жамбыл облысындағы АШК-нің саны 2022 ж. 2018 жылмен салыстырғанда екі еседен астам (121,3%-ға) өсті. АШК-нің заттай түрдегі өнім өндірісі 2022 ж. 2018 жылмен салыстырғанда үш еседен астам, ал 2021 жылдың ұқсас кезеңіне жақын 4 есеге өсті. Бұл нәтижеге ШФҚ, ЖҚШ АШК-не біріктіру негізінде қол жеткізілді. Осылайша аталған кезеңдер аралығында жеке кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер қожалықтарының саны 15%-ға дейін қысқарды. Бұл АШК-ін субсидиялаудың мүмкіндіктерін арттырды. Дегенмен, ауыл шаруашылық кооперативтеріндегі жұмысшылар санының тұрақсыздығын байқауға болады (2018 жылмен салыстырғанда 2022 ж. ол 44%-ға азайды).

